



ШЕШІМ

10.08.20202 № 559

Ақтөбе қаласы

РЕШЕНИЕ

город Актобе

**О депутатском запросе Айтбаевой С.Е. -
депутата от Темирского избирательного
округа №26**

В соответствии со статьей 21-1 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года №148 «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Актюбинский областной маслихат **РЕШИЛ:**

1. Депутатский запрос Айтбаевой С.Е. - депутата от Темирского избирательного округа №26, адресованный акиму Актюбинской области Уразалину О.С., принять к сведению.

2. ГУ «Аппарат Актюбинского областного маслихата» (Айткалиев Т.В.) в трехдневный срок направить депутатский запрос для предоставления ответа в сроки, установленные статьей 21-1 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан».

**Председатель сессии
областного маслихата**

Т. ТАЛАЕВА

**Секретарь
областного маслихата**

С. КАЛДЫГУЛОВА



ШЕШІМ

10.08.2020 ж. № 559

Ақтөбе қаласы

РЕШЕНИЕ

город Актобе

**№26 Темір сайлау округінен депутат
С.Е.Айтбаеваның депутаттық сауалы
туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 21-1-бабына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысының әкімі О.С.Оразалинге жолданған, №26 Темір сайлау округінен депутат С.Е.Айтбаеваның депутаттық сауалы назарға алынсын.

2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабымен белгіленген мерзімде жауап ұсынуы үшін, «Ақтөбе облыстық мәслихатының аппараты» ММ (Т.В.Айтқалиев) депутаттық сауалды үш күндік мерзім ішінде жолдасын.

Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы

Т. ТАЛАЕВА

Облыстық
мәслихаттың хатшысы

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА



030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел./факс: 8 (7132) 54-34-75

030010, город Актөбе, пр. Абилқайыр хана, 40
тел./факс: 8 (7132) 54-34-75

20 20 жылғы 10.08 № _____

2020 жылғы 10 тамызда
облыстық мәслихаттың
сессиясында жария етілген

Ақтөбе облысының әкімі
О.С.Оразалинге

Депутаттық сауал

Құрметті Оңдасын Сейілұлы!

Өткен жылы Темір ауданы Тасқопа ауылдық округінің «Қособа» және «Бесоба» қорымдарында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде б.з.д. V-III ғасырларға жататын савромат-сармат дәуірінің керемет жәдігері - «Алтын адам» табылған болатын.

Баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде жарияланған бұл жаңалық ел тұрғындарын, одан әрі тарих пен мәдениетке қызығатын бүкіл әлем жұртшылығын елең еткізіп, олардың «Алтын адамға» қатысты мәселелерге алаңдаушылығын туғызып отыр.

«Бесоба» қорымынан табылған жәдігерлердің бәрі әзірге облыстық өлкетану мұражайында сақтаулы тұр. Заңнамаға сәйкес қайта қалпына келтіргеннен соң Ұлттық мұражайға және облыстық өлкетану мұражайына қойылады деп күтілуде. Осы бағыттағы жұмыстардың өз дәрежесінде, барынша жедел жүргізілуін және барлық жәдігерлерімен бірге «Алтын адамның» қалпына келтірілген бір нұсқасының табылған Темір топырағына жеткізілуін өз назарыңызға алуыңызды өтінемін. Бұл – аудан халқының, мәдениет жанашырларының үлкен өтініші.

Тағы да ең өзекті мәселенің бірі – Н.Байғанин атындағы аудандық мұражайдың жағдайы. Мәдениет үйінің екінші қабатына орналасқан мұражайға 246 шаршы метр берілген. 4000-ға жуық жәдігерлердің 2500-і мүмкіндіктің болмауына байланысты экспозицияға қойылмай тұр. Жәдігерлерді қорғап, сақтайтын арнайы бөлмелер, сондай-ақ мұражай қызметкерлері үшін де бөлмелер жоқ. Тарихы терең Темір өлкесі туралы сыр шертетін мұражайдың арнайы ғимараты болса – бұл да туған елдің игілігі үшін жасалған, ұрпақ тәрбиесіне қосылған үлкен үлес болар еді. Осы мәселенің шешілуіне де ықпал етуіңізді сұраймын.

Құрметпен,
Облыстық мәслихат депутаты

С.Айтбаева